

ПСИХОЛОГ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ ІС-ӘРЕКЕТІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

A.З.Тенкебаева -
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ

Мұғалімді практикалық психология саласына тартуды сатылап жүргізу қажет. Психологке психология мамандығы ұнаса, ол барлық адамдарға да ұнайды деп есептеуі қате пікір. Олай емес. Психологиялық, педагогикалық тренингті бастамас бұрын өмірде және педагогикалық іс-әрекетте арнайы психотехникаларды қолдану арқылы мұғалімді психологиямен қызықтыру керек. Кәсіби әрекетте және жеке өмірде іштей тежелуді, шаршауды басу, жұмысқа деген ішкі күш қуатты оятуда өзін-өзіне арнайы психологиялық көмек көрсету үшін тәжіібе жинақтауға арналған сабактар ұйымдастырылуы шарт.

Мұғалімнің қызығушылығы оянғаннан кейін, тренингтен дәріс және кеңес беру цикілі арқылы психологиялық сабак өткізуге болады. Психолог мұғалімдерде нәтижелі қарым-қатынас, белсенділік, өзбеттілік қасиеттерін тудыруы керек.

Мұғалімдерге психологиялық көмек көсету үш негізгі кезеңнен тұрады: практикалық психологияға қызығушылықтарын ояту, арнайы психологиялық жұмыс жүргізуге үйрету және мектепте психологиялық, педагогикалық үйірме ұйымдастыру.

Бірінші кезең: Мұғалімнің практикалық психологияға қызығушылығын ояту. Практикалық психология жайлы әңгімені кез-келген тақырыптан бастауға болады. Мысалы: Қарым-қатынас мәселелеріне, отбасылық өзара катынас психологиясы проблемаларына, қактығыстар, отбасындағы және мектептегі бала тәрбиесі, мінез типтердің психологиялық мінездемесі, астрологиялық типтердің психологиялық үйлесімділігі, өзін-өзін реттеудің психологиялық ерекшелігі, гендерлік психология және т.б. тақырыптарды тандауға болады.

Практикалық сабактарды талқылауда белгілі стильді ұстанған жән. Психологиялық ақпараты өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі дамытуға материал ретінде қарастырған дұрыс. Егер әңгіме ойын немесе қалжын формасында өтетін болса, мұғалімнің негативті қысылу сезімінен тез арылуға мүмкіндігі болады. Қажет болса жеке кеңес беру техникасын да қолдану тиімді. Ескере кететін жайт, бұл мәселелердің қайсысын болса да талданғандан психолог кәсіби этикалық қағидаларды сақтай отырып, сыпайылық пен тактикалық жағын да ескеруі керек.

Психологтің бірінші мақсаты мұғаліммен психологиялық тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби шеберлігін көрсету, практикалық психологияға қызығушылығын арттыру. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін психолог ұстазға 2-3 сабак аралығында 5-7 сұрактан тұратын сауалнама немесе басқа да диагностикалық әдістемелер өткізіп отыру керек. Ол мұғалімнің өзіндік бағалаудын, тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға жағдай жасайды. Жалпы

мұғалімге психологиялық көмек көрсетудің бірінші сатысы 5-7 сабактан тұруы ықтимал.

Екінші кезең: «Жылулық ойындар». Екінші кезеңге өтуде 2-3 сабакты «жылулық ойындарға арнаған жөн, мұнда мұғалім шын ниетпен ойнайды және эмоциялық жағымды қүйге қол жеткізуге болады, ойын атмосферасын тудыруға көмектеседі. Бұл ойындарды мұғалімге психологиялық көмек көрсетудегі педагогикалық тренингтерде қолданады.

Үшінші кезең: Психологиялық, педагогикалық тренинг. «Жылулық» ойындарды ойнап болғанан кейін педагогикалық тренингке көшу керек.

Педагогикалық тренинг өткізудің үйымдастырудың құрылымы: Мұғалімдерге үйымдастырылған сабактың орташа ұзақтығы 3 сағат және үш негізгі кезеңнен тұрады.

Бастапқы кезең: «Қыздыру жаттығуы». Бұл кезең жағымды, достық қарым-қатынас орнатуға бағыталған. Негізінен мұғалімдер тренингке өзінің жеке және қесіби өмірінен шаршаған қүйде келеді. Сабактың басынан-ақ психолог келесі көріністі байқай алады: қатысуышылар мазасыз позаларда отырады, дәстүрлі психологиядан дәрісті жазып алу үшін дәптерлері мен қаламдарын дайындық қүйінде ұстайды. Бұл жағдайда психолог барлығына келгендері үшін ризашылдығын білдіру арқылы бастауы мүмкін. Содан кейін, қаламдары мен дәптерлерін кейін қойып, орындықтарды шенберге орналастыруды өтінуге болады. «Біз ойын жағдайында жұмыс істейміз және өз іс-әрекетімізді талқылаймыз. Егер барлығын жазып алу керектігі туындаса, сабак сонында жазамыз» - деп психолог өз жұмыс барысын түсіндіріп кетуі тиіс. Тындаушылар дәптерлерін шетке қойып, орындықтарды шенберге орналастырғанан кейін психологиялық «қыздыру жаттығуын» бастау керек. Ол бірнеше жаттығудан тұрады және келесі мақсаттарды қамтиды: психологті топпен таныстыру, мұғалімдерге «психологиялық демалыс» жағдайын жасау, қатысуышылардың ішкі қүйін ретке келтіру, т.б.

Психологтің топпен таныстығы. Егер психолог мұғалімдермен бірінші рет сабак жүргізсе, онда оған топқа деген назары жоғары болу керек, және психологиялық қатынасты тиімді жасай алу керек.

Мұғалімдерден мазасыздықты және шаршауды түсіру. Релаксациялау және психотехникалық демалысты үйымдастыру мақсатында көптеген жаттығулар өткізілуі мүмкін.

Педагогикалық тренингтің негізгі кезеңі. Негізгі бөлімдегі тапсырмаларды орындау үшін қатысуышылардың ішкі қүйін реттеу қажет, бұл мақсатта «қыздыру жаттығуларын» өткізген тиімді.

Кәсіби жағдаят үлгісін құрастыру. Психолог топта мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде болатын белгілі жағдайды моделдеуін ұсынады. Мысалға: мұғалімге мазасыз, тәртіпті бұзатын, сабак барысына бөгет болатын жеткіншекпен сұхбат жүргізу ұсынылады. Топ амфитеатр типтес отырады, жасанды сахнаға стол және орындық қойылады. Бір мұғалім жеткіншек рөлін ойнайды, ал қалған қатысуышылар мұғалім болады.

Соңғы кезең – сабақтың позитивті аяқталуы. Бұл кезең негізгі екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлімде сабакта болған оқиғаларға талқылаулар жүргізіледі (топтық рефлексия). Психологтің басты назары топтың қандай жаңалық алғандығына бағытталады: жаңа білім, жаңа дағды және тәжірибелік жұмысқа қатысуы. Қатысушылар жалпы сабақтың ұйымдастырылуына баға береді және жұмысты одан ары дамыту үшін тілектерін білдіреді. Топтық рефлексия жалпы уақыттың шамамен 15 пайызын құрауы керек. Сабак ұзақтығы шамамен 3 сағат көлемде болса, топтық рефлексия 27-30 минутқа созылуы мүмкін.

Қорытындылау кезеңінің екінші бөлігінде топ мүшелері бір-біріне, психологияке демеу көрсеткен үшін алғыс жолдаулар айтылады, жағымды әрі жақсы тілектер айтылады, ілтипатын білдіреді. Егер, топта рефлексия жаттығуы белсенді пікірталасқа ауысса, қарама-қайшы пікірлер табылса келесі жаттығуларды өткізуі тиімді көреміз, ол топ бірлігін арттыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық, педагогикалық тренингті ұйымдастырудың психотехникалары. Психологтің мұғалімдермен жүргізген тренингінде ұстанған стилі, қарым-қатынас жасаудағы көрсеткен әрекеттері көп әсер етеді, соған байланысты психолог кәсіби шеберлік пен тәжірибе жинақтау барысында менгеретін тренинг топтарын басқарудың бірнеше психотехникалық ережелер бар.

Топты басқарудағы біrbеттілік. Психологиялық, педагогикалық тренинг барысында, барлық цикл көлемінде мұғалімдер тобын тек жалғыз психолог басқару керек. Психолог топпен жұмыс істегендеге өзінің тәжірибесін, даралығын, топты басқарудағы өзіндік стилінің көрінісін байқату керек. Егер, топты басқа маман басқарған жағдайда, топ іс-әрекетінің темпінде «кескіндер», топ дамуында «үзінділер» пайда болады. Тыңдаушылар жаңа жүргізуі темпіне, әрекетіне, стиліне бейімделуге тағы біршама уақыт кетері анық. Психолог циклдің бастапқы жаттығуларын орындауға көшсе, онда басқа маманның басқаруына мүлдемге тыйым салынады, өйткені тыңдаушыларды қайта бейімдеуі қурделі мәселесге айналады. Бұл топ мүшелерінің тұлғалық және кәсіби дамуына шек қояды, көп уақыт алды және ынтасын жоғалтады. Топты жүргізуі ұйымдастыруда, бір психолог негізгі жүргізуі болады, ал екінші психолог ойын барысына араласпай бақылаушы, сараптамашы міндетін атқара алады.

Психологтің топты жүргізуге дайындығы. Топпен жұмыс тиімді әрі динамикалық түрде журу үшін, психолог өзін топпен жұмысқа іштей реттеуі керек. Яғни, топпен психологиялық жаттығуларды бастасас бұрын, психолог өзіне қыздыру жаттығуларын жүргізу қажет. Психологтің іштей реттелуінің бірнеше әдістері бар, мысалы:

1. Артикуляцияны реттеу, коммуникативті қылыштарды белсендендіру мақсатында топпен жаттығу бастасас бұрын, психологке дәлізде немесе көшеде кездескен адамдармен кез-келген тақырыпта қысқаша әнгіме жүргізу үсінілады.

2. Тыныш ортада, мүмкіндік болса жаттығу жүретін ғимарат ішінде психологиялық ішкі еркіндікті сақтау, эмоциялық күйін реттеу, мазасыздықты басу мақсатында психотехникаларды қолдану керек.

3. Тыныш, асықпай сабак сценариін ойластыру қажет, жетістікке жетуге іштей сенімділікті арттыру үшін оны қағазға жазып алған дұрыс.

4. Сабак басталмас бұрын жағымды көніл күйді қалыптастыру үшін жағымды, қызықты оқиғаны еске түсіріп, қайта жаңғырткан жөн.

Топка жетекшілікті қалай жүргізу керек. Психологиялық, педагогикалық тренинг топтарын жүргізудің екі негізгі психотехникалық әдісі бар, ол «Эмоциялық шабуыл жасау» және «Төменнен эмоциялық жанастыру».

«Эмоциялық шабуыл жасау» әдісінде немесе «жоғарыдан жанастыруда» сабактың басталуының алғашқы минутынан бастап психолог динамикалық түрде белсенді, эмоциялық, өзінің стилін максималды түрде көрсетіп, жұмыс атқарады. Сондықтан, ол өзін сенімді сезінеді, іштей талпынысы болады. Топ жетекшісінің энергиясына бейімделіп, қуат алып, белсенділік таныта бастайды.

«Төменнен эмоциялық жанастыруда» топты жүргізудің бастапқы сатысы жұмсақ бақылауда, жүргізушінің даралығының ешқандай көрінісінзі жүзеге асуы мүмкін. Психолог топты сезінбей, топпен психологиялық қатынас орнатпай, зерттеуші әрекетінде жұмыс жүргізеді.

Топты жүргізудің бастапқы кезіндегі бағыты бірнеше фактolarға байланысты болады: психологтің ішкі күйіне, шеберлік деңгейіне, тәжірибесіне, оның даралық психологиялық ерекшеліктеріне, ойыншы темпераментіне және т.б.

Негізінен психолог топпен қарым-қатынасты ұйымдастырудың кез-келген әдісін таңдаса да, сабак басталғанан кейін (20-30 минут) психологтің топпен эмоциялық, коммуникативті және психоэнергетикалық «симбиоз» қарым-қатынасы пайда болады. «Симбиоздың» пайда болу негізінде психолог пен топ арасында бірін-бірі түсінушілік және бірін-бірі сезгіштік шарттары туындауы мүмкін. Психотренер мен топ арасындағы психологиялық контакт жоғалған кезде, топты жүргізушінің басқаруы жүзеге асады (тренингті жүргізудің дерективті стилі) немесе топ психологті манипуляциялайды (еркін стиль).

Топтық сабактың мазмұнын құрастыру. Сабакқа атауына негізгі идеяны ашатын атау таңдалуы керек. Тақырыптан ауытқу, пікірталас барысында басқа сұрақтардың қойылуы, сабак кезінде оның мазмұн ауқымын кеңейтіп, жалпылатып жібереді, ал тыңдаушылар нені талқылауға келгендігінен шатаса бастайды. Тренинг аяқталғанан кейін мұғалімдерде қанша сағат босқа отырған сезім пайда болады.

Сондықтан топтық талқылау немесе дискуссия кезінде психолог алдында топ мшелерінің ойларын бір бағытқа бағыттау міндеті тұрады және тақырыпқа қатысты емес әңгімелерді жауып отыруы қажет. Егер, топ мүшесінің біреуі топқа және психологке кенеттен, эмоциялық, белсенді түрде

мазмұны қызықты бір тақырыпты бастаса ғана бұл ережеден ауытқуға болады. Мысалы, мұғалім өзінің оқушы кезінде ұстазынан қандай қорлық көргенін айта бастаса, оны талқылағысы келсе, оны тоқтатудың кажеті жоқ, себебі ол осы проблемасының шешуін осы топтан іздестіре отырып, негативті сезімдерінен арылғысы келері анық. Бұл жағдайда мұғалімнің жағымсыз жағдайын талқылау керектігі туындалап, сабак сценариі өзгеруі мүмкін.

Психологиялық, педагогикалық тренингтің сценариін құру. Сабак жоспарын құрастыру – бұл топтың ойын іс-әрекетінің сценариін құру. Психолог топтық қозғалыстың жалпы барысын құруы керек, яғни психологиялық қыздыру жаттығуын қай ситуациядан бастау керек, тренингтің негізгі кезеңінде қай жаттығулар ойнатылуы шарт және ол қалай аяқталуы қажет екендігін анықтайды. Алынатын нәтижелерді болжап, кететін уақыт ауқымын нақтылау шарт. Сабак барысын жоспарлауда психолог кездейсоқ өзгерістерге де даяр болуы керек, мысалы, ұсынылған тақырып бойынша топ басқа бағытты да ұсынуы ықтимал, күтпеген проблемалар да туындауы мүмкін немесе талдау үшін қызықты, мазмұнды материал шығуы да ғажап емес.

Психологиялық, педагогикалық тренинг барысындағы психолог позициясы.

Психолог тренингтің сценариін құру кезінде жаттығуларды тандауда өзіне қызықты және топты жүргізуде өзіне тиімді, жақын ойындарды алғаны абзal. Егер психолог сабак бағдарламасының психотехникалық жағына толық сенімді болып, оны жақсы білсе, ол өзін еркін ұстайды, эмоциялық жағымды күйде болады, еркін импровизациялайды. Бұл арқылы психотренердің даралық және кәсіби ерекшеліктері, өзіндік стилі мен мазмұндық айырмашылықтары байқалады. Сондай-ақ, психолог топка өзі құрастырған жаттығуларын да ұсына алады.

Психологиялық, педагогикалық тренинг кезіндегі ойындар мен жаттығулардың арасындағы құрылымдық және коммуникативті байланыстар. Мұғалімдермен топтық психологиялық сабак әдетте 4-6 жаттығу мен ойынан тұрады. Оларды тандау тақырыпқа сәйкес бірізділікпен, логикаға сүйенуі керек. Тренинг толық әрі үйлесімді болу үшін, міндетті түрде эпизоттар арасында коммуникативті және мазмұндық байланыс болғаны шарт. Мысалы, ол келесі тіркестерден тұруы ықтимал: «Сізге қызықты болды ма? Жақсы. Ал енді мен тағы бір жаттығу ұсынамын. Ойнап көрейік»; «Сізде бәрі жақсы іске асты, жалғастырайық»; «Тағы кімнің ойнағысы келеді! Марғабат» және т.с.с.

Әрбір психотренердің өзінің байланыстыруши сөздері болады. Маңызды бұл айтылған сөздер орнымен, ойланып айтылса, бір тапсырмадан екінші тапсырмаға ауысу икемді, үйлесімді, бір-бірімен байланысты жүзеге асады.

Топтық сабактардың динамикасы. Топтық сабактың құрылымында өзіндік занылықтары бар. Тренинг бағдарламасын немесе сценариін

жоспарлауда, ойын әрекетінің белгілі бір динамикасын ескерген жөн. Сондай-ақ, мұндай динамиканы практикалық тренинг жүргізу барысында психолог арнайы енгізуі қажет. Мысалы, бірінші кезенде, психологиялық қыздыру жаттығуы кезінде ойын интригасы пайда болады, ал екінші кезенде психолог «психологиялық уақыттың» тездеуіне мүмкіндік жасауы шарт, ол жоғарғы нүкте, яғни тренингтің шарықтау шегіне жеткізеді. Ол түрлі формада болуы мүмкін, мысалы: топ мүшелерінің құрделі мәселені шешіп, жеілдеуі және қанағаттануы; топтық белсенділіктің шарықтау шегі; қақтығысты не дауды шешу барысында психологиялық қолдауға ие болуы және т.б. Топты шарықтау шегіне жеткізуге психотренер біртінде, бірақ үзіліссіз әкелуі керек. Әдетте, ол үш сағаттық сабактың екінші сағатында болады. Динамика мен шарықтау шегінің өсуі нәтижелі болуы үшін психолог топтық темпті жоғалтпауы тиіс, әйтпеген жағдайда тренинг қатысушылары зерігіп, жалығу күйіне тап болады. Бұл үшін тренер талқылау барысын тым ұзак және құрделі етпеуі қажет. Топтың шарықтау шегінен кейін белсенділіктің біраз азаюы, босаңсу, тыныштану және қанағаттану күйі болады. Содан кейін топтық белсенділік біртіндең бастапқы деңгейге көтеріле бастайды.

Үшінші кезең – тренингтік сабактың аяқталуы. Топтық жұмыстың нәтижелерін талдау іске асырылады. Сонымен қатар, тренер топ мүшелеріне өзіншілдерін білдіріп, жағымды тілектері мен алғыстарын айтуға мүмкіндік береді. Тренинг барысында психолог өзі түрлі ішкі күйлерді сезінуі шарт, мысалы, энергия мен белсенділіктің біртіндең өсіп, шарықтау шегіне жету; белсенділіктің тәмендеуі және тыныштану. Бұл күйлердің бастан кешіре тырып, психолог топ әсерінде болады және топты жетелейді.

Топтағы диалог және полilog. Жүргізуі «вербальді кеністіктің» ауқымды бөлігін тек өзі ғана алмауы тиіс. Егер топ тренер кеңестері мен нұсқауларын үндемей тыңдал, тек қана психолог монологын болса, топтық жұмыс тиімсіз болады. Психологиялық, педагогикалық тренинг сабактарында педагог пен психолог арсында пікір, тәжіibe алмасу қарыстырылады. Психолог назары тек бір ғана топ мүшесінде болмауы керек. Егерде психолог пен сол мұғалім арасындағы диолог ұзакқа созылса, топ жалыға бастайды, өзін «керексіз» сезінеді. Сондықтан қатысушылар санын артыру үшін және бірін бірін дұрыс түсінү үшін, несесе бір-бірінің арасында коммуникативті байланыс орнату үшін психолог тәмендегідей сұраптар қоя алады: «Кім өз пікірін айтқысы келеді?», «Кімде осындай тәжірибе бар?», «Мұғалім айтқанды кім ұқты және не сезінді?», т.б. Психолог әр топ мүшесінде зейін қою керек, олардың әркайсысының даралығын сезіп, дұрыс түсініп, мұғалім тәртібіндегі акценттер мен дауыс екпіндерін адекватты бағалай алуы қажет. Мұндай көңіл бөлу тек субъективті ғана болмауы шарт. Топтың барлық мүшелеріне деген психологтің нейторалды мейірімділігі топ бірлігіне, жағымды атмосфераға және өзара сенімділікке түрткі болады.

Психологтің топқа және топ мүшелеріне деген эмоциялық-позитивті

қатынасын трансляциялауы. Психолог педагогикалық топқа деген жағымды қатынасын көрсетуі тиіс: мейірімділік, икемділік, әр адамды түсіне алуы, әр адамның маңызды, қызықты қасиетін кере білуі. Мұғалімдер тобында тұра сындық пікірлерді айтуға, жүргізушінің өзін жоғары ұстауына, жоғарыдан қарауына тыйым салынады. Әдетте топ жақсы қабылдайтын позитивті ақпараттарды, мысалы, егер психолог әйел адам болса аналық қасиеттер жайлы айтуға болады. Ол түсінісудің, колдаудың, көмек берудің, қорғаныстың, адамзаттық махаббаттың трансляциясы ретінде көрінеді.

Топты немесе оның жеке мүшелерін психологиялық белсендендіру. Егер топ немесе оның бір мүшесі өзін ыңғайсыз, сенімсіз сезінсе, онда психолог белгілі эмоциялық қысыммен, тікелей көзіне қарау арқылы «психологиялық тарту» әдісін қолдану керек: «Сіз бәрін істей аласыз! Сіздің қолыныздан бәрі келеді, мен сенемін. Шешім қабылдау керек! Тұрыңыз, әрекет етіңіз!» Сонымен қатар, бұл мақсатта арнайы жаттығулар орындаған жөн.

Топтық тренинг кезіндегі үнсіздік пен үзіліс. Психолог топта пайда болған үнсіздіктің ерекшеліктерін, күйін айрықша сезіне білуі шарт. Егер бұл үнсіздік топтық жұмысқа деген қызығушылықтың жоқтығынан, өз ойын жеткізгісі келмегендіктен пайда болған болса, психолог бұл сәтті тапсырмалармен, жаттығулармен немесе рефлексивті сұраптармен толтыруы шарт: «Не болды, сіз қалай ойлайсыз?», «Мұндай ыңғайсыз үнсіздік неліктен пайда болды?». Ал егер, үнсіздік себебі – қатты әсерден боса, ойыншыладың уайымы мен ойлауы болса, оны бұзуға болмайды, әр ойыншы өз күйін сезіне білуі керек. Бұл шығармашылық үнсіздік барысында, мұғалімің ішкі белсенделігі артып, жұмысы іске асады.

Егер топ және оның жеке мүшелері ойыннан бас тартса. Мұғалімдермен жүргізілетін психотренингте олар жиі бас тартып, сабакта өздерін пассивті, тұйық ұстайды. Топтың мұндай тәртіп формасына түрлі себептер түрткі болуы ықтимал: мұғалімдердің шаршауы, сабак басында қыздыру жаттығуының тиімсіз болуы, тым күрделі, ұзақ, ауқымды ойындардың болуы, кенеттеп пайда болған «психологиялық шұңқыр», яғни белсенделік пен қызығушылықтың төмендеуі және т.б. Мұндай жағдайда жаттығуды директивті түрде міндеттеп орыннату тиімсіз. Сабактың жалпы бағдарламасын түсіндіру, жаттығуды орындау барысында мұғалімдердің өздеріне сәйкес тәртіп формасын өзбетті таңдауға мүмкіндік беру, топ мүшелерінің біреуінен уақытша жүргізуші рөлін алады өтіну арқылы топтың қызығушылықтарын арттыра білу кажет. Психолог ойынды немесе жаттығуды өзі ойнап көрсетсе тиімді болады. Топтың сенімсіздігін байқаған кезде, психолог «ал енді, мен өзім істеп көрейін» немесе «менен бастайық» деген пікірін білдіруі керек. Топ мүшесі ретінде өзі мысал болып әрекеттесе, психологке деген сенім артады. Сондай-ақ, топ мүшелерінің бірі жаттығуларға қатыспай, жалпы талқылауға араласпай, бакылаушы рөлі таңдауы да мүмкін. Мұндай адам топ белсенделілігіне нұқсан келтіріп, деструктивті бастауға түрткі болады, ыңғайсыздық, жайсыздық күйге

әкеледі, осылардың салдарынан тренингке қатысушылар жұмысқа қатысадан бас тарта бастайды. Егер ойыншы ешкімге кедергі жасамаса, бұл жағдайда оны жайына қалдырып, назар аудармай қою керек, біраз уақыт өткеннен кейін, ол өзі жаттығуға қатысуға бел байлайды. Егер қатысушы пассивтілігі топ мүшелеріне әсер ететін болса, психолог оны міндетті түрде ойынға қосуы шарт. Оған қайта-қайта бағыттаушы сұраптар қойып, жұмысқа қызығушылығын қолдан отыру керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Овчарова Р.В. Технология практического психолога образования.* – М., 1999. – 256 с.
2. *Петрусинский В.В. Игры: обучение, тренинг, досуг. Кн.4. Психотехнические игры.* – М., 1994. - 116 -119 с.
3. *Гамезо М.В. Психологическая служба в школе: вопросы теории и практики // Психологический журнал.* – 1981. – Т.2.- №2. - 109-115 с.
4. *Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики.* – М., 1991. – 219-232 с.
5. *Клюева Н.В. Технология работы психолога с учителем.* – М., 2000. – 35 с.
6. *Чернявская А.П. Педагогическая техника в работе учителя.* – М., 1996. – 93-94 С.
7. *Абрамова Г.С. Практическая технология.* - М., 1997.– 368 с.
8. *Анисимова Р.А. Психологическая школа и мастерство педагога // Советская педагогика.* - 1990. - №2. – 53-54 с.
9. *Питюков В.Н. Основы педагогической технологии.*– М., 1999. - 445 с.

Резюме

Данные материалы позволяют постичь особенности профессиональной психолого-педагогической деятельности, а также позволяют педагогу познать себя. Новизной представленного в статье материала является предложенный анализ элементов психологических тренингов.

Summary

The given materials allow to comprehend features of professional psihologopedagogical activity and as allow the teacher to learn itself. Novelty of the material presented in article is the offered analysis of elements of psychological trainings.